

**3.4.6.** Отандық және әлем мәдениетінің жетістіктеріне тарту, казак және республиканың түрлі халықтарының салт – дәстүрлерін, тарихын зерттеуге баулу.

**3.4.7.** Түрлі құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері ынтымақтастығының түрлі формалары көтермеленеді – жұмыс мәселелерін бірлесіп талқылау және шешу, жобаларды орындау, ұжым ішінде ұлтаралық және Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға ықпал ететін бос уақыт іс – шараларын өткізу, Қазақстан халқы салт – дәстүрлерін, мемлекеттік және өзге де тілдерді құрметтеу. Мемлекеттік тілді, ұлтаралық және халықаралық сөйлесу тілдерін бір уақытта меңгеру көтермеленеді және ынталандырылады.

**3.4.8.** Кәсіби мәселелерді талқылау және сөйлесу кезінде жеке ықпал болмау қажет. Қабылданған шешімдер кәсіпқойлық, мақсатқа сәйкес және әділ болу қажет.

**3.4.9.** Азаматтық қызметкерлер мемлекетке экономикалық зардаптың алдын алудың барлық мүмкіншіліктерін пайдалану қажет, өзге тұлғалардың мүдделеріне қарай тексерулерді бастауға жол бермеуі тиіс.

**3.4.10.** Азаматтық қызметкерлер және кәсіпорын жұмысшылары іскерлік этикетті ұстанып, ресми тәртіп ережелерін құрметтеу қажет.

**3.4.11.** Азаматтық тұлғалар қоғамдық және діни бірлестіктер, өзге коммерциялық емес ұйымдардың, соның ішінде оларға деген өз қатынасын үгіттеу үшін мүддесіне қарай қызметтік бабын және оларға байланысты мүмкіншіліктерін пайдаланбау қажет.

**3.4.12.** Басқару лауазымындағы азаматтық қызметкерлер қоғамдық және діни бірлестіктері, өзге де коммерциялық емес ұйымдардың іс – әрекетіне қарамағындағы қызметкерлерін қатыстыруға құқығы жоқ.

### **3.5. Университет пен қызметкерлер арасындағы қарым – қатынас**

**3.5.1.** Университет адам ресурсын сәтті іс – әрекетінің көзі деп қарастырады.

**3.5.2.** Университет пен қызметкерлер арасындағы қарым – қатынастар ұзақ мерзімді әрекеттестік, еңбек келісім – шартымен көзделген өзара міндеттерін нақты орындау және құрметтеу принциптеріне негізделген.

**3.5.3.** Басшылық пен қарамағындағыларының жұмыс мәселелері бойынша әрекет кезінде еш жақтан қысым көрсету болмауы тиіс және университет мүддесі мен әділдік принциптеріне сәйкес емес шешімдерге жол берілмейді.

